

**Шымкент қаласы білім басқармасының  
«Индустриалды-техникалық колледжі» МКҚК  
ТӨЛҚҰЖАТЫ 2022ж.**

<b>Білім беру ұйымының атауы</b> <i>(Жарғыға сәйкес толық аты-жөні)</i>	Шымкент қаласы білім басқармасының «Индустриалды-техникалық колледжі» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны
<b>Заңды мекен-жайы</b>	160002, Қазақстан Республикасы, Шымкент қ., Гагарина көш., 121 үй.
<b>Салынған жылы</b>	1955, 1970, 1983 ж
<b>Ғимараттар мен құрылыстар сипаттамасы</b>	Жобалық қуаттылығы – 1000 орын; Жер телімінің ауданы – 13877 м <sup>2</sup> ; Ғимараттардың жалпы ауданы – 7569 м <sup>2</sup> о.і. оқу ауданы – 5532 м <sup>2</sup> ; оқу кабинеттері, зертханалары, шеберханалары: <ul style="list-style-type: none"> <li>- ЖББП кабинеттері – 19 (950 м<sup>2</sup>);</li> <li>- ЖКП кабинеттері – 6 (800 м<sup>2</sup>);</li> <li>- ҚГП кабинеттері – 1 (40 м<sup>2</sup>);</li> <li>- АП кабинеттері – 10 (370 м<sup>2</sup>);</li> <li>- Компьютер кластары – 6 (383 м<sup>2</sup>);</li> <li>- Мультимедиялық кабинеттер – 15 (1056 м<sup>2</sup>);</li> <li>- Интернет - 40 м-бит/с;</li> <li>- Зертхана – 6 (300 м<sup>2</sup>);</li> <li>- Шеберхана – 11 (880 м<sup>2</sup>);</li> <li>Асхана (буфет) – 1 (300 м<sup>2</sup>);</li> <li>Медбекет – 2 (40 м<sup>2</sup>);</li> <li>Актотый зал – 1 (282 м<sup>2</sup>);</li> <li>Спортзал – 1 (625,5 м<sup>2</sup>);</li> <li>Спорттық алаң – 1 (350 м<sup>2</sup>);</li> </ul>
<b>Оқулық қоры</b>	Барлық – 37 133 бір. (1 студентке 24 оқулық) из них: <ul style="list-style-type: none"> <li>- ЖББП, ЖКП, ҚГП б/ша оқулықтар – 17212 бірлік.;</li> <li>- АП б/ша оқулықтар – 10151 бір.;</li> <li>- Әдеби оқулықтар – 8243 бір.;</li> <li>- Электронды оқулықтар – 421 бір.;</li> <li>- Мерзімді басылымдарға жазылу – 32 бір.</li> </ul>
<b>Байланыс телефоны</b>	телефон 8 (7252)35-08-85, факс 8 (7252) 35-08-85
<b>e-mail</b>	<a href="mailto:proflicey_3@mail.ru">proflicey_3@mail.ru</a>
<b>Web сайт</b>	<a href="http://intehcollege.edu.kz/">http://intehcollege.edu.kz/</a>
<b>Меншік түрі</b>	Мемлекеттік
<b>Құрылтайшы</b>	«Шымкент қаласы әкімінің аппараты» мемлекеттік мекеме
<b>Өкілетті тұлға (для государственных)</b>	Шымкент қаласы білім басқармасы Мемлекеттік мекемесі
<b>Құрылтайшы құжаттары</b>	Шымкент қаласы БІЛІМ БАСҚАРМАСЫНЫҢ "Индустриалды-техникалық колледжі" МКҚК жарғысы (Шымкент қаласы әкімдігінің 29.08.2018 ж. № 127 қаулысы)
<b>Заңды тұлғалардың мемлекеттік тізіліміне тіркеуі</b>	Заңды тұлғаны қайта тіркеу туралы куәлік ГП 02.10.2018 ж., ҚР ӘМ (БСН: 080340010577)
<b>Мемлекеттік лицензия</b>	2019 жыл 8 қаңтар № KZ88LAA00013749 «Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Білім және ғылым саласындағы бақылау комитеті Шымкент қаласының Білім саласындағы бақылау департаменті»
<b>Басшының аты-жөні</b>	Исахметов Тлепалды Исахметович

<b>Білім беру ұйымының құрылуы</b>	1942 жыл Кеңес үкіметінің шешімімен №38 ФЗО болып қаланды. 1954 жыл №1 механикалық ауыл шаруашылық училищесі (УМСХ №1). 1956 жыл №11 техникалық училище (ТУ №11) 1963 жыл ГПТУ-33 1984 жыл СПТУ- 33 1996 жылы №3 кәсіптік-техникалық мектеп болып өзгертілді. -2002 жыл №3 кәсіптік мектеп -2003 жыл №3 кәсіптік лицей 2012 жыл «№3 колледж» 2017 жыл Индустриалды-техникалық колледж
<b>Алқалық басқару түрлері</b>	педагогикалық кеңес, әдістемелік кеңес, қамқоршылық кеңес, индустриялық кеңес <b>Т.Б.</b>
<b>Студенттік өзін-өзі басқару ұйымдары</b>	«Индустриалды-техникалық колледжі» МКҚК «Студенттік өзін-өзі басқару» ұйымының белсенді студенттерінің тізімі: Президенті – Ахатбек Динара Амангелдіқызы Вице-Президенті – Тойшыбайқызы Айсауле Министрлер: Амзбек Айқаным Жапалқызы, Далиева Бақытгүл Берікқызы, Батырбекова Бибінұр Ержанқызы. Актерлік өнер, әншілер: Беркінбай Ерсұлтан Ерғалиұлы Жунисов Ерзат Ғабитұлы, Жунисов Бегзат Ғабитұлы. Белсенді оқу озаттары: Нұрмахан Айгерім Ержанқызы, Колледжде қосымша келесі клубтар жұмыс істейді: "Жастар театры", «Айбат» дебат клубы", Сыбайлас жемқорлыққа қарсы "Саналы ұрпақ" клубы, "Әншілер клубы".
<b>Педагогикалық құрам</b>	Оқытушылар саны – 161 оның ішінде: - әйелдер – 70 (43,4%) - зейнеткерлік жастағы оқытушылар саны – 5 (3,1%); - жас оқытушылар саны - 19 (11,8%) Қызметкерлер мен техникалық персонал – 46. Жоғары санат 9 (5,5%) Бірінші санат 7 (4,3%) Екінші санат 16 (9,9%) Санатсыз 75 (46,5%) Техника ғылым.кандидаты - 1 Экономика ғылым.докторы – 1 Магистр 30 (18,6%) II санатты басшы -1 I санатты директордың орынбасарлары -4 Педагог-зерттеуші 14 (8,6%) Педагог-сарапшы 19 (11,8%) Педагог-модератор 21 (13%)
<b>Білім алушылар контингенті</b>	Студенттер саны - 1730, Оның ішінде: күндізгі бөлімде – 1730; Білім алуда: ЖБ б/ша – 1520; РБ б/ша – 210; Ақылы – жоқ.
<b>Кадрларды даярлау</b>	Кадрларды дайындау 6 мамандық, 7 біліктілік бойынша жүргізіледі: <b>1. 07140100</b> - Технологиялық процесстерді автоматтандыру және басқару <b>Біліктілік:</b>

	<p><b>3W07140101</b>- Бақылау-өлшеу аспаптары мен автоматикаға қызмет көрсету және жөндеу жөніндегі слесарь</p> <p><b>2. 07150300</b> Токарлық іс</p> <p><b>Біліктілік: 3W07150301</b> Токарь</p> <p><b>3. 07150500</b> Дәнекерлеу ісі</p> <p><b>Біліктілік: 3W07150501</b> Электргазымен дәнекерлеуші</p> <p><b>4. 07130100</b> Электржабдықтары</p> <p><b>Біліктілік: 3W07130101</b> Электромонтер</p> <p><b>5. 07161300</b> Автомобиль көлігіне техникалық қызмет көрсету, жөндеу және пайдалану</p> <p><b>Біліктілік: 3W07161302</b> Автомобиль электр жабдықтарын жөндеу жөніндегі электрик,</p> <p><b>3W07161301</b> Автомобиль жөндеу слесарі</p> <p><b>6. 06120100</b> Есептеу техникасы және ақпараттық желілер</p> <p><b>Біліктілік: 3W06120101</b> Компьютерлік аппараттық қамтамасыз ету операторы</p>
<b>Әлеуметтік серіктестік</b>	<p>«Электроаппарат» ЖШС</p> <p>«Ай-Сервис Транс» ЖШС</p> <p>«Шымкент Май» АҚ</p> <p>«KARLSKRONALCOB» ЖШС</p> <p>«ШМЗ» ЖШС</p> <p>«КЭММ-2030» ЖШС</p> <p>«Казахстанская Механизированная колона №50» ЖШС</p> <p>«Фиркан» ЖШС</p> <p>«3-Энергоорталық»АҚ</p> <p>«М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті» КеАҚ</p> <p>«ЮСТАЛЬКОН» ЖШС</p> <p>«Шымкент Мұнай Өнімдері» АҚ</p> <p>«ШЗ Эталон» ЖШС</p> <p>«СТО-ДМ» современные технологии обработки дерева и металла» ЖШС</p> <p>«СВС-ЮГ» ЖШС</p> <p>«Қазақстан Темір Жолы» Ұлттық Компаниясы» акционерлік қоғамының «Шымкент элетрмен жабдықтау дистанциясы» филиалы</p> <p>«Бипэк авто Казахстан» ЖШС</p> <p>«Абди КМ» ЖШС Шымкент қаласындағы филиалы</p> <p>«SCAT» Авиакомпаниясы» Акционерлік қоғамы</p> <p>«Mobil-1» ЖШС</p> <p>«Azala Cotton» ЖШС</p> <p>«Azala Textile» ЖШС</p>
<b>Дуалды оқыту</b>	<p>Дуалды оқыту колледжде 408 студентті қамти отырып жүргізіледі</p> <p>5 мамандықтар, келісімшарттар 58 кәсіпорындармен жасалды.</p>
<b>Бітірушілер</b>	<p>Барлығы – 524;</p> <p>Оның ішінде:</p> <p>күндізгі бөлімде – 524;</p> <p>сыртқы бөлімде – 0.</p> <p>Білім алуда:</p> <p>ЖБ б/ша – 182;</p> <p>РБ б/ша – 342;</p> <p>Ақылы – 0.</p>
<b>Жұмыспен қамтылған және өзін-өзі қамтығандар</b>	<p>Барлығы – 418 (79,7%)</p> <p>Оның ішінде:</p> <p>ЗТМО мәліметтері б/ша – 418 (79,7%)</p> <p>Өзін-өзі қамтыған – 106 (20,2%);</p> <p>ЖОО – 0 (0%);</p> <p>Әскер – 0 (0%);</p> <p>Декрет – 0 (0%);</p> <p>Жұмыспен қамтылмаған –0 (0%);</p>

**Жобаларға қатысуы****Колледж «Жас маман», ТОП-100 студент, "Үздік педагог" жобаларына қатысты****"Жас маман" жобасы бойынша**

"Жас Маман" жобасы 2019 жылдың 23 қаңтарында Жастар жылының салтанатты ашылу рәсімінде ресми түрде жарияланды. Жобаның мақсаты: 100 сұранысқа ие мамандық бойынша 180 колледжді жаңғырту және білікті мамандар даярлаудың халықаралық тәжірибесін енгізу болып табылады.

"Талар холдингі" КЕАҚ Шымкент қаласы бойынша колледждердің қызметіне аудит жүргізді, оның қорытындысы бойынша осы жобаға қатысатын 7 колледж таңдалды. Колледждердің қызметін бағалаудың негізгі қағидаттары: қолжетімділік, инклюзивтілік, оқыту сапасы, жұмыс берушілердің колледждер ұсынатын оқыту бағдарламаларына қатысуы, оқытудың өзектілігі және колледжді басқару болып табылады.

Мақсаттарға қол жеткізу үшін біздің колледж бойынша әлеуметтік серіктестермен бірге аймақта ең көп сұранысқа ие 3 мамандық анықталды:

07150300 - "Токарлық іс";

07150500 - "Дәнекерлеу ісі";

07140100 - "Технологиялық процестерді автоматтандыру және басқару".

Колледж бойынша бұйрықпен арнайы пәндердің тәжірибелі оқытушыларынан, ө/о шеберлерінен және әр сала бойынша жұмыс берушілердің өкілдерінен жұмыс топтары құрылған. Жұмыс тобының қызметі барысында шетелдік өндірістің заманауи жабдықтарының тізбесі қалыптастырылды. Оқу жабдығын таңдау кезінде өндірісте пайдаланылатын қазіргі заманғы технологиялардың, еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғаудың талаптары, сондай-ақ WorldSkills чемпионаттарына қатысушыларды дайындау жөніндегі талаптар ескерілді.

07150300 – "Токарлық іс" мамандығы бойынша әлемге әйгілі DMG MORI компаниясынан жалпы сомасы 347 млн.теңгеге СББ-мен заманауи токарлық және фрезерлік станоктар сатып алынды.

07150500 – "Дәнекерлеу ісі" мамандығы бойынша заманауи дәнекерлеу аппараттары, Автоматты тартқышы бар дәнекерлеу үстелдері, виртуалды дәнекерлеу тренажері, жалпы сомасы 138 млн. теңгеге киім және арнайы құралдар сатып алынды.

07140100 – "технологиялық процестерді автоматтандыру және басқару" мамандығы бойынша қазіргі заманғы өнеркәсіптік электр пневмоавтоматиканы зерделеу және Siemens бағдарламалау бойынша оқу стенд-тренажері, күн / жел энергетикасын зерттеуге арналған демонстрациялық стенд-тренажер және жалпы сомасы 104 млн.теңгеге басқа да бақылау – өлшеу аспаптары мен автоматика сатып алынды.

"Жас маман" жобасы сұранысқа ие мамандықтар бойынша мамандарды заманауи оқу жабдықтарында даярлауды жүзеге асыруға, оқытушылардың біліктілігін арттыруға мүмкіндік береді, түлектердің жұмысқа орналасуы мен кәсіби өзін-өзі жүзеге асыруы үшін мүмкіндіктерді айтарлықтай кеңейтеді.

**Республикалық жоба бойынша колледждің ТОП-100 студенті**  
«ҚР Колледждерінің ТОП 100 үздік студенті» Республикалық конкурс жобасы

Қазақстан Республикасының білім беру және ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын жүзеге асыру шеңберінде «Талап» КЕАҚ ұйымдастырылуымен ҚР Колледждерінің "TOP 100 OUTSTANDING KZ TVET STUDENTS" жобасының аймақтық кезеңінде «Индустриалды-техникалық колледжі» МКҚК студенті Амзбек Айқаным Жапалқызы ТОП 100 үздік студенті жеңімпазы атанды. Нұрсұлтан бас қаласында арнайы марапаттау кеші өтті. «Талап» КЕАҚ президенті Бектурганов Абдиманап Еликбаевич сөз сөйлеп жеңімпаз студентіміз Амзбек Айқаным Жапалқызын Дипломмен марапаттады. "TOP 100 OUTSTANDING KZ TVET STUDENTS" жобасы жеңімпазын дайындағаны үшін оқытушы Ж.Алмахова, педагог-психолог С.Сейдиева «Талап» КЕАҚ президенті Бектурганов Абдиманап Еликбаевич атынан алғыс хатпен марапатталды.

### **"Үздік педагог"**

Шымкент қаласы білім басқармасының "Әдістемелік орталығы" ұйымдастырған "Үздік педагог-2020" қалалық байқауында 07150500 – "Дәнекерлеу ісі" мамандығы бойынша арнайы пәндер оқытушысы Досова Айнұр Сәкенқызы жеңімпаз атанды.

Шымкент қаласы білім басқармасының "Әдістемелік орталығы" ұйымдастырған "Үздік педагог-2021" қалалық байқауында 07140100 – "Технологиялық процестерді автоматтандыру және басқару" мамандығы бойынша арнайы пәндер оқытушысы Зайцева Светлана Васильевна жеңімпаз атанды.

Шымкент қаласы білім басқармасының "Әдістемелік орталығы" ұйымдастырған "Үздік педагог-2022" қалалық байқауында 07140100 – "Технологиялық процестерді автоматтандыру және басқару" мамандығы бойынша өндірістік оқыту шебері Куралова Алуа Курманбековна жеңімпаз атанды.

### **Академиялық жетістіктер**

Колледж түрлі қалалық, облыстық, республикалық және халықаралық байқауларға белсенді қатысады. Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың мемлекеттік бағдарламасында қойылған міндеттерді іске асыру мақсатында ТЖКБ беделін арттыру үшін колледж жыл сайын "WorldSkillsKazakhstan" өңірлік және ұлттық чемпионаттарына қатысады.

WorldSkills Kazakhstan чемпионаты бойынша колледж келесі құзыреттерге қатысады:

- СББ станоктарындағы токарлық жұмыстар;
- Дәнекерлеу технологиясы;
- Өнеркәсіптік автоматика;
- Шанақты жөндеу;
- Жүк техникасына қызмет көрсету;
- Жеңіл автомобильдерді жөндеу және қызмет көрсету.

Техникалық және кәсіптік білім беру оқу орындарының студенттері арасында WorldSkills Kazakhstan-2018 ұлттық чемпионатында "Дәнекерлеу технологиялары" құзыреттілігі бойынша IV орынды "Индустриалды-техникалық колледж" студенті Эшметов Русланбек иеленді.

"WorldSkills Shymkent-2019" аймақтық чемпионатында біздің студенттер жоғары нәтижелер көрсетті. Атап айтқанда, I орын иегерлері: Әшірбай Нұрболат Жақсыбайұлы "Дәнекерлеу технологиялары" құзыреттілігі бойынша (жетекшісі: Алтынбеков Бағдәулет Ұзақбайұлы), Буковский Евгений Станиславович "Дизельді қозғалтқыштарға қызмет көрсету және жөндеу" құзыреттілігі бойынша

(жетекшісі: Қозыбаев Самат Қабылұлы) және Корчиев Отабек Шухратбекович "СББ бар станоктардағы токарлық жұмыстар" құзыреттілігі бойынша (жетекшісі: Өмірбекова Сахыпжамал Данияровна). "Жеңіл автокөліктерді жөндеу және қызмет көрсету" құзыреттілігі бойынша II орынды Үсенхан Нұрғиса Тоқтасынұлы (жетекшісі: Есмаханов Әділбек Жаңаділұлы), "Шанақты жөндеу" құзыреттілігі бойынша III орынды Абылайхан Төрелдіұлы (жетекшісі: Ниязов Марат Әбдіжаппарұлы), "Дәнекерлеу технологиялары" құзыреттілігі бойынша Нұрлан Аширәли (жетекшісі: Омарбек Сәбит Мұқанұлы) иеленді.

"WorldSkills Shymkent – 2020" аймақтық чемпионатында Әшірбай Нұрболат Жақсыбайұлы "Дәнекерлеу технологиялары" құзыреттілігі бойынша, Корчиев Отабек Шухратбекович "СББ бар станоктардағы токарлық жұмыстар" құзыреттілігі бойынша, Раметов Анвар Олымжанұлы "Дизельді қозғалтқыштарға техникалық қызмет көрсету" құзыреттілігі бойынша, Иристаев Хурсандбек "Шанақты жөндеу" құзыреттілігі бойынша жүлдегерлер атанды.

"WorldSkills Kazakhstan – 2021" Ұлттық чемпионатында Әшірбай Нұрболат Жақсыбайұлы "Дәнекерлеу технологиялары" құзыреттілігі бойынша медальонға ие болды.

"WorldSkills Shymkent – 2022" аймақтық чемпионатында Әшірбай Нұрболат Жақсыбайұлы "Дәнекерлеу технологиялары" құзыреттілігі бойынша, Шарипбаев Валихан Тоқынович "СББ бар станоктардағы токарлық жұмыстар" құзыреттілігі бойынша, Изотов Никита Сергеевич "Жүк көлігіне қызмет көрсету" құзыреттілігі бойынша, Баймұратұлы Қуаныш "Өндірістік механика және монтаждау" құзыреттілігі бойынша, Тілеухан Мерей Ернарұлы «Сандық бағдарламамен басқарылатын фрезерлік жұмыстар» құзыреттілігі бойынша, Салқамбек Нұрәділ Абайұлы «Графикалық дизайн» құзыреттілігі бойынша жүлделі I-орынға, Абутов Сардор Икрамжанович «Автокөлікті бояу» құзыреттілігі бойынша, Колчин Константин Вальерович «Өндірістік автоматика» құзыреттілігі бойынша, Айсәуле Тойшыбекқызы «Өндірістік механика және монтаждау» құзыреттілігі бойынша жүлделі II-орынға, Юсвалыев Ойбек Садылаевич «Шанақты жөндеу» құзыреттілігі бойынша, Хидирәлиев Розмат Адхамбекович «Электромонтаждау ісі» құзыреттілігі бойынша жүлделі III-орынға ие болды.

Сисенбаев Уалихан Сабитұлы «Елбасы Академиясы» Корпоративтік қорының ұйымдастыруымен Қазақстан Республикасының жалпы білім беретін мектептерінің 9-11 сынып оқушылары мен колледж студенттері арасында Қазақстанның жаңа тарихы бойынша «Тәуелсіздік дәуірі» олимпиадасының іріктеу кезеңінен өтіп, Астанада өтетін финалдық турға қатысуға мүмкіндік алды.

**Спорттық жетістіктер**

Худяков Андрей Оңтүстік Кореяның Чханвон қаласында өткен нысана атудан Әлем чемпионатының қола жүлдегері.

Нұрбек Нұржан каратэден (кекушинкай) Қазақстан чемпионы, Жанайбек Жандарбек кикбоксингтен Қазақстан чемпионы, Камалов Эмиль грек-рим күресінен Қазақстан чемпионы, Аликулов Тимур велоспорттан Азия чемпионатының қола жүлдегері (спорт шебері), Махамматкулов Бақберген Jeet Kun Do-дан Қазақстан чемпионы, Батырханов Илхомжан дойбыдан Қазақстан және Азия чемпионы.

2019 жылы "Жастар ресурстық орталығы" КММ және қоғамдық денсаулық сақтау институтының ұйымдастыруымен әлеуметтік жоба аясында дене белсенділігін арттыру, салауатты өмір салтын ұстануға шақыру және есірткі бизнесіне қарсы күрес мақсатында өткен

кіші футбол турнирінде студенттер 2 орын иеленді.

2020 жылы АС20-30к тобы студенті Махмудов Шахзод Шымкент қаласында өткен Пенчак силаттан (ережесіз жекпе-жек) Қазақстан Республикасының чемпионатында 1 орын иеленді.

2021 жылы ЭВ21-31р тобы студенті Бірлік Ернұр Шымкент қаласында өткен Стенд атудан Шымкент қаласының ашық кубогында 3 орын иеленді.

2021 жылы АЭ19-31р тобы студенті Батырханов Илхомжан Түркістан облысы, Арыс қаласында өткен панкратионнан Түркістан облысы чемпионатында 1 орын иеленді.

2021 жылы Шымкент қаласы білім басқармасының Әдістемелік орталығының ұйымдастырумен орта арнаулы оқу орындарының студенттері арасында өткен спартакиадада студенттер ұлдар арасында асық атудан 2 орын және қыздар арасында бес асықтан 2 орын иеленді.

2021 жылы АЭ20-35к тобы студенті Абдирайымов Ерасыл Қызылорда қаласында өткен Әмбебап жекпе-жектен Қазақстан Республикасының чемпионатында 3 орын иеленді.

2021 жылы СВ21-31к тобы студенті Рахымбек Елзат Ақтөбе облысы, Шалқар қаласында өткен грек-рим күресінен жасөспірімдер арасындағы ІІ Республикалық турнирде 3 орын иеленді.

2021 жылы АЭ20-34к тобы студенті Тургунбаев Рустамбек Жамбыл облысы, Тараз қаласында өткен таэквондодан Қазақстан Республикасының чемпионатында 1 орын иеленді.

2021 жылы "Жастар ресурстық орталығы" КММ ұйымдастыруымен өткен «Шымкент Жастар Лигасы» жарысында студенттер кіші футболдан 3 орын иеленді.

2022 жылы Шымкент қаласы білім басқармасының Әдістемелік орталығының ұйымдастырумен орта арнаулы оқу орындарының студенттері арасында өткен «Ұлттық Колледж Лига» жарысында студенттер қыздар арасында тоғызқұмалақтан 3 орын иеленді.

2022 жылы Шымкент қаласы білім басқармасының Әдістемелік орталығының ұйымдастырумен орта арнаулы оқу орындарының студенттері арасында өткен «Ұлттық Колледж Лига» жарысында студенттер қыздар арасында бес асықтан 2 орын иеленді.

**Сыбайлас жемқорлықтың алдын алу жұмыстары**

Колледжде «Саналы ұрпақ» клубы жұмыс жасайды, 440 студент клуб мүшелері болып табылады. «Жемқорлықсыз болашақ», «Сыбайлас жемқорлық ғасыр дерті», «Сыбайлас жемқорлыққа жол жоқ!» тақырыптарында тәрбие сағаттары өткізілді.

«Таза сессия» іс-шарасы түзілген жоспар бойынша жүргізіледі. Сонымен қатар колледжімізде «Адалдық дүкені» жұмысын жасауда. Колледждің оқу ғимараттарында монитор арқылы «Сыбайлас жемқорлықтың» алдын алу мақсатында бейнероликтер көрсетіліп, тәрбие сағаттары жоспар бойынша жүргізіледі. Колледждің әрбір ғимаратында "Сенім жәшігі" орналасқан.